

**Қазақстан Республикасындағы туризм индустриясын дамытудағы мемлекеттік
бағдарламалардың орындалуы мен жетілдіру жолдары**

Оразымбетова Г.Ш., Дуйсебаева К.Д., Макаш К.К., Аязова А. К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: orazymbetova62@mail.ru

Туризмді мемлекеттік қолдау – саланы орнықты дамытудың қажетті шарты болып табылады. Халықаралық тәжірибе туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасау, жеке меншік инвесторларды тарту, туристік индустрия субъектілерінің қызметі үшін қолайлы экономикалық жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің белсенді саясаты туристік саланың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуы мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр.

Мақалада туризм индустриясын дамытудағы Қазақстан Республикасы заңдарының маңыздылығы мен орындалуы және туризм индустриясын дамытуда ұлттық ойындардың қажеттігі мәселесіне арналған бағдарламаларды, тұжырымдамаларды қарастырып, талдау. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың арналған мемлекеттік бағдарламаларға шолу. Мемлекеттік бағдарламалар республикада қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға және экономиканың сабақтас секторларын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндігін дәлелдеді.

Түйін сөздер: туристік индустрия, ойын-сауық индустриясы, туристік бағдарламалар, тұжырымдамалар, кешенді талдау.

**Государственные программы по развитию индустрии туризма в Республике
Казахстан и пути их совершенствования.**

Оразымбетова Г.Ш., Дуйсебаева К.Д., Макаш К.К., Аязова А.К.

Государственная поддержка туризма – является необходимым условием устойчивого развития отрасли. Международный опыт развития туристской инфраструктуры, создание условий для привлечения частных инвесторов, направленных на формирование нормативной правовой базы, обеспечивающей благоприятные активная политика государства, направленная на формирование базы туристской отрасли в социально-экономическом развитии страны, позволит занять важное место.

В статье рассмотрены вопросы значения законов РК и их исполняемость в отношении развития индустрии туризма, а также значение национальных видов туризма в этой отрасли, рассмотрены и проанализированы эти программы и концепции. Было доказано, что в республике современные высокоэффективные и государственные программы позволяют обеспечить развитие смежных секторов экономики и создать конкурентоспособную туристскую индустрию.

Ключевые слова – туристская индустрия, игровая индустрия, туристская программа, комплексный анализ

The state program on development of tourism industry in the Republic of Kazakhstan and ways to improve them.

Orazymbetova G. Sh., Duysebaev As K. D., Makash K. K., A.K. Asawa

The state support of tourism - is a prerequisite for sustainable development of the industry. International experience in the development of tourism infrastructure, creating conditions for attracting private investors, aimed at creating a legal and regulatory framework to ensure an enabling active policies aimed at forming the base of the tourism industry in socio-economic development of the country, will allow to occupy an important place.

The article deals with the entertainment industry and the importance of tourism in the development and implementation of laws of the Republic of Kazakhstan in the development of gaming entertainment and tourism industry on the need for programs and examines the concepts of analysis.

It has been proven that a modern high-performance government programs allow for the development of related sectors of the economy and to create a competitive tourism industry in the country.

Keywords: the tourist industry, game industry, the tourism program, a comprehensive analysis of tourism.

Kіріспе

Туризм дамуының әлемдік үрдістері мен Қазақстандағы оның жай-күйінің арасындағы алшақтық шынайы резервтер мен потенциалды мүмкіндіктер болған жағдайда ұйымдастырушылық-экономикалық сипаттағы проблемалар кешенін шешуді талап етеді, ондай проблемалардың қатарына ойын-сауық индустриясының жеткілікті дәрежеде дамымағандығы, көрсетілетін қызметтердің деңгейі төмен болуы, көрсетілетін қызметтер сапасының баға деңгейіне сай келмеуі, қызметкерлердің біліктілігінің төмендігі, т.б. жатады. Дегенмен, ойын-сауық индустриясын дамытатын мемлекеттің сауатты саясаты мен туризм дамуының жаңа стратегиясы, еліміздің экономикалық өсуі мен өркендеуінің кепілі болып табылады[1].

Қазақстан туризмінің дамуы және оның жеке индустрия болып қалыптасуы, аймақтардағы экономикалық дамудың ырғақтылығы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының қалыптатылуын көрсететін бір бағыт-валюталық түсімдердің көбеюі - туризм нарығындағы зерттеу жолдарының жаңа бағыттарын талап етеді.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа 2006 жылғы Үндеуінде: «Біз бәсекеге қабілеттілігін үнемі арттырып отыратын басым салалары бар бәсекеге қабілетті экономика үлгісін таңдадық, сөйтіп қазақстандық кластерлер жүйесін дамытудың бастамасын көтердік»,– деп көрсетілген . Дүниежүзілік тәжірибе бойынша, осындай басым бағыттағы қызмет салаларына туризм де жатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілі барынша маңызды міндеттерінің бірі - Қазақстанды орталық азиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру. Мемлекеттік бағдарлама республикада қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға және экономиканың сабақтас секторларын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді[2].

Бастапқы деректер мен зерттеу әдістері

Мақаланың өзектілігі Қазақстан Республикасының – ойын – сауық индустриясының дамуындағы қазіргі жағдайы мен болашағына арналған бағдарламалардың орындалу мен жетілдіру жолдарын қарастырған.

Зерттеу әдістері: Соңғы кездері елімізде туризмнің қарқынды түрде дамуына орай берілген әлеуметтік феноменді ғылыми зерттеу де белсенді дами түсті. Туризмнің экономикалық – географиялық шарттары, отандық және шет елдік туристік аймақтар, туристік кешендерде ұйымдастыру негіздері, туристік фирмалардың, орталықтардың менеджменті, қаржылық – экономикалық аспектілері, туризмді әлеуметтік – мәдени тұрғыда қарастыру Т.Алтынбеков, С.Р.Ердәулетов, А.А Жолдасбеков, А.Ю.Александрова, Л.А.Багрова, Н.В.Багров, Р.А.Браймер, М.В.Ефремова, М.А.Жукова, Д.К.Исмаилов, Н.Н.Ильина, Н.К.Моисеева, А.Д.Чудновский, В.С.Преображенский т.б.зерттеген [3].

Мемлекеттің тұтастай туризмді дамытудағы ең басымды бағыттарының бірі туристік стратегиялар, бағдарламалар құру. Мемлекеттік бағдарламалар республикада қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға және экономиканың сабақтас секторларын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Олар туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттері мен іске асыру тетіктерін айқындайды және туризм инфрақұрылымын дамытуды, осы саланы мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін құрудың, туристік әлеуетті арттырудың, елдің тартымды туристік имиджін, рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастырудың негізгі аспектілерін қамтиды[4].

Туризмді мемлекеттік қолдау – саланы орнықты дамытудың қажетті шарты болып табылады. Халықаралық тәжірибе туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасау, жеке меншік инвесторларды тарту, туристік индустрия субъектілерінің қызметі үшін қолайлы экономикалық жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің белсенді саясаты туристік саланың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуы мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасында ұлттық туристік өнімнің тартымдылығын арттыруға және Қазақстанның әлемдік туристік нарық жүйесіне кіруіне, қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы мен мемлекет экономикасының кіріс секторы шеңберінде халықаралық кәсіпкерлік пен іскерлік ынтымақтастықтың маңызды саласы ретінде бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға жәрдем ететін бірнеше бағдарламалар бекітілді. Бұл бағдарламалар туризм саласын дамытуға арналған мақсаттарды нақтылап, міндеттерді айқындайды. Олар төмендегідей:

–Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы:

1-кезең 2007-2009 жылдар

2-кезең 2010-2011 жылдар;

– Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама;

– Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы:

1-кезең 2013 – 2015 жылдар;

2-кезең 2016 – 2018 жылдар;

3-кезең 2019 – 2020 жылдар.

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаты - сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру болды[1]. Қойылған мақсатқа сәйкес бағдарламаның міндеттері мыналар болып табылды:

- туризм инфрақұрылымын дамыту;
- туризмді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін жасау;
- елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру;
- туристік әлеуетті арттыру;
- рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастыру.

Бұл бағдарламада Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясын іске асыру және Қазақстанды туризм елі ретінде алға жылжыту шеңберінде мынадай шаралар қабылдау қажет деп көрсетілді:

- туризмнің экономикалық көрсеткіштері өсімін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыру және оны кең ауқымды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;
- халықаралық маңызы бар "белсенді" туристік жобалар әзірлеу және оны іске асыру;
- көлік инфрақұрылымын және туристік қызмет көрсетулер нарығын дамыту;
- халықаралық экономикалық ұйымдар мен одақтарға қатысу арқылы елдің туризм саласындағы жаһандық экономикаға енуі;
- елдің еуразиялық тарихи даму факторын және қазақстандық қоғамның көпұлтты, көпконфессиялы және мультимәдени сипатын, оның құндылықтарын, дәстүрлерін, асханасын, өнерін, Қазақстан халықтары ассамблеясын, республиканың мәдени және ғылыми күштерін тарта отырып, белсенді пайдалану;
- Дүниежүзілік туристік ұйым, ЮНЕСКО (Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы), БҰҰДБ (Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы), Дүниежүзілік Банк, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі сияқты халықаралық ұйымдарды және отандық даму институттарын тарта отырып, Қазақстанды әйгілендіру және шетелдік жұртшылық өкілдерін оның әкімшілік және мәдени-тарихи орталықтарымен таныстырудың пәрменді тетігін әзірлеу;
- Қазақстан Республикасындағы туризмнің мамандандырылған түрлерін дамыту жоспарын әзірлеу;
- "Атамекен" этномемориалдық кешені секілді өңірлік деңгейде тақырыптық парктер салу мәселесін пысықтау;
- туристік қызмет көрсетулердің ішкі және сыртқы нарығында қазақстандық түрөнімді тиімді жарнамалық-ақпараттық қамтамасыз ету. Сонымен қатар төмендегідей аймақтарды туризм орталығына айналдыру көзделді:

1. Алматы қаласын және Алматы облысын дамыту;
2. Астана қаласын және Ақмола облысын дамыту;
3. Жібек жолы бойында туризмді дамыту;
4. Каспий теңізінде жағажай және круиз туризмін дамыту;
5. "Қазақстан - ғаламшардың бірінші ғарыш айлағы" жобасының шеңберінде Байқоңыр қаласында ғарыш туризмін дамыту үшін жағдайлар жасау [5].

Сонымен қатар, шешілмеген күйінде қалып отырған, бірақ туризм саласының дамуы үшін негізгі мәселелер болып табылатын бірқатар проблемалық мәселелерді атап өту қажет.

Тағы бір айта кететін жайт, туристік объектілердің оқшауланған жерлерінде немесе туристік бағдарлардың торапты нүктелерінде орналастыру жағдайларының болмауы бұқаралық сырттан келушілер туризмін және ішкі туризмді дамытуға кедергі келтіреді. Нәтижесінде ішкі туризмде ұзындығы 400 - 500 км болатын бір күндік турлар басым болып келеді, ал бұл - жолға көп уақыт шығындалатынын

куәландырады. Мұндай сапарлар жалықтырады, туристердің көпшілігінде жағымсыз естеліктер қалдырады.

Тағы бір шешімін талап ететін проблеманың бірі әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында отандық инвесторлар тәуекелге бармайды және туристік объектілердің құрылысына одан әрі қаражат салмайтын болады. Туризм инфрақұрылымын дамыту үшін туристік ұйымдарға жеңілдіктер беру және ұзақ мерзімді несиелеу механизмін жасау бәсекеге қабілетті туризм индустриясын дамытуға инвестициялар көлемінің өсуіне ықпал жасайды. Негізінен бағдарламаның барлық міндеттерінің орындалмауы әлемдегі қаржы дағдарысына тікелей байланысты болды. Сондықтан осы бағдарламаны әрі қарай жалғастыру мақсатында 2010-2014 жылдарға арналған туризм индустриясын дамытуға арналған бағдарлама қабылданды.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – туризм индустриясын орнықты дамыту болып саналды. Ол келесідегідей міндеттерді көздеді:

- Бәсекеге қабілетті туристік өнімді қалыптастыру;
- Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру;
- Туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту;
- Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруды және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру [6].

Аталған бағдарламаны қаржыландыру республикалық және көздері мен жергілікті бюджет қаражатының есебінен және көлемдері шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылатын болады деп көрсетті (Кесте-1).

1-кесте – 2010-2014 жылдарға арналған жоспар [6]

2010 - 2013 жылдар:	2010 - 2014 жылдар	2013 – 2014 жылдар:
«Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің бойымен туристік кластерді жол бойы инфрақұрылымы объектілерін сала отырып және оларға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жасай отырып құру.	Туристік орталықтар, кешендер мен орналастыру объектілерін салу (Бурабай, Жаңа Іле, Кендірлі, Алакөл); Тау шаңғысы туризмінің инфрақұрылымын жасау; Экологиялық туризмді дамытуды ынталандыру; Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру; Туристік индустрияның кадрлық әлеуетін дамыту.	Астана қаласында ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыруды және өткізуді ескере отырып, туризм саласын дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

Бұл бағдарламаны іске асыру бірнеше кезеңге бөліп қарастырылды. 2010-2013 жылдарға арналған жоспар өз жұмысын бастап, 2020 жылға дейін аяқталады деп жоспарланды. 2010-2014 жылдарға арналған жоспар бойынша Бурабай курорттық аймағының 2 кезеңі жүзеге асырылуда. 2013-2014 жылдарға жоспар бойынша үстіміздегі жылдың 1 сәуірінде ЭКСПО аймағының кірпіштері қаланып, ғимараттары салынып жатыр. Республикалық индустрияландыру картасына енгізілген Ақмола облысының «Бурабай» АЭА шекарасында туристік ойын-сауық кешенінің, сондай-ақ, өңірлік индустрияландыру картасына енгізілген Шығыс Қазақстан облысындғы Алакөл көлінің жағалауында қонақ үй кешенінің құрылысы

жүзеге асырылатын болады. Туристiк ойын-сауық кешенiн салу жылына 220 000-ға дейiн демалушыларды қабылдауды қамтамасыз етедi деп күтiлуде. Мемлекет басшысының «Әлеуметтiк-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағытты» атты Қазақстан халқына Жолдауын iске асыру және Қазақстан Республикасында бәсекелестiкке қабiлеттi және экономикалық табысты туризм индустриясын қалыптастыру шараларын қабылдау жөнiндегi Қазақстан Республикасы Президентiнiң 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 261 Жарлығымен бекiтiлген Жалпыұлттық iс-шаралар жоспарының 48-тармағына сәйкес Ақмола облысы Бурабай курорттық аймағын дамыту үшiн жүйелi жоспар әзiрлеуге республикалық бюджеттен 81 972 мың. теңге бөлiндi.

Сондай-ақ, Министрлiк мүдделi мемлекеттiк органдармен бiрлесiп «Ақмола облысы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамыту жоспарын бекiту туралы» ҚР Үкiметi қаулысының жобасын әзiрлеп, дамытудың бiрiншi кезекте жүзеге асырылуы тиiс iс-шараларын есепке ала отырып, қазiргi уақытта ҚР Үкiметiне бекiту үшiн енгiздi.

Осы бағдарламаны iске асыру барысында туризмдi маңызды әлеуметтiк-экономикалық бағыттардың бiрi ретiнде дамыту бөлiгiнде бәсекеге қабiлеттiлiгi мен тартымдылығын көтеру үшiн Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейiнгi стратегиялық даму жоспарын iске асыру мақсатында туристiк саланы дамытудың тұжырымдамасы әзiрлендi.

Негiзiнен, бұл тұжырымдама халықаралық тәжiрибенi ескере отырып, Қазақстан Республикасы туристiк саласының қазiргi жай-күйiне кешендi талдау жасау негiзiнде әзiрленген және туризмдi дамытудың стратегиялық пайымын, республиканың туристiк саласын 2020 жылға дейiнгi дамытудың негiзгi қағидаттарын қамтып,, осы саладағы мемлекеттiк саясатты iске асырудың мақсаттарын, мiндеттерiн және кезеңдерiн айқындайды.

Тұжырымдаманың негiзгi мақсаты- инфрақұрылым құру және жетiлдiру, туристiк бағыт ретiнде оның тартымдылығын жоғарылату үшiн Қазақстанның тартымдылығын арттыру үшiн оның имиджiн қалыптастыру жолымен туризм индустриясын тұрақты дамытуға бағытталды [7].

Қорытынды

Қазiргi таңда Қазақстан Республикасында туризм индустриясы қарқынды даму үстiнде. Оған себеп ретiнде көптеген бағдарламалар мен стратегиялық жоспарлар құрылуы мен ауқымды туристiк орталықтар салына бастауы. Мемлекеттiк бағдарламалар республикада қазiргi заманғы тиiмдiлiгi жоғары және бәсекеге қабiлеттi туристiк индустрия құруға және экономиканың сабақтас секторларын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкiндiк бередi[7]. Олар туризмдi дамыту саласындағы мемлекеттiк саясаттың стратегиясын, негiзгi бағыттарын, басымдықтарын, мiндеттерi мен iске асыру тетiктерiн айқындайды және туризм инфрақұрылымын дамытуды, осы саланы мемлекеттiк реттеу мен қолдаудың тиiмдi тетiгiн құрудың, туристiк әлеуеттi арттырудың, елдiң тартымды туристiк имиджiн, рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастырудың негiзгi аспектiлерiн қамтиды.

Пайдаланған әдебиеттер тiзiмi

1. Вуколов В.Н. История и теория международного туризма. Универсальный учебно-метод. комплекс для вузов по специальности «Туризм».- Алматы, 2002.- 221с.
2. Алтынбаев Б.А., Смыкова М.Р. Экономика и организация туризма: Учеб.пособ.- Алматы: КазГаУ, 1999.- 97с.

3. Никитинский Е.С. Этапы становления и современное состояние туристской индустрии в РК: Учебное пособие для вузов.- Астана, 2007.- 174с.
4. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. Сыдық Н. Қазақстан туризмі тұғырықта // Түркістан 2010ж., 19 тамыз – 8 бет
6. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы
7. Никитинский Е.С. Этапы становления и современное состояние туристской индустрии в РК: Учебное пособие для вузов.- Астана, 2007.- 174с.

References

1. Vukolov V.N. Istoriya i teoriya mezhdunarodnogo turizma. Universal'nyj uchebno-metod. kompleks dlya vuzov po special'nosti «Turizm».- Almaty, 2002.- 221s.
2. Altynbaev B.A., Smykova M.R. EHkonomika i organizaciya turizma: Ucheb.posob.- Almaty: KazGaU, 1999.- 97s.
3. Nikitinskij E.S. EHtapy stanovleniya i sovremennoe sostoyanie turistskoj industrii v RK: Uchebnoe posobie dlya vuzov.- Astana, 2007.- 174s.
4. Қазақстан Respublikasynda turizmdi damytudың 2007-2011 zhyldarға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. Sydyk N. Қазақстан turizmi тұғырықта // Түркistan 2010zh., 19 тамыз – 8 бет
6. Қазақстан Respublikasynың turistik salasyn damytudың 2020 zhyлға deyingi тұzhyrymdamasy
7. Nikitinskij E.S. EHtapy stanovleniya i sovremennoe sostoyanie turistskoj industrii v RK: Uchebnoe posobie dlya vuzov.- Astana, 2007.- 174s.